

Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 7 мамырдағы № 25/3-V "Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 маусымдағы № 29/4-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 727 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 120/14-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 28.03.2013 № 120/14-V шешімімен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 6, 8, 9, 20-баптарына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 7 мамырдағы № 25/3-V «Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы» шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже): келесі мазмұндағы 5-1 тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Ақшалай төлем түріндегі әлеуметтік көмек сондай-ақ азаматтардың келесі санаттарына беріледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 6, 8-баптарымен олардың мәртебесі белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға – 16 000 (он алты мың) теңге;

2) жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы ішінен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан тұлғалардың жесірлеріне, екінші рет некеге тұрмаған, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің жесірлеріне – 6 000 (алты мың) теңге;

3) қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (кұқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 6 000 (алты мың) теңге;

4) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға және Ұлы Отан соғысы жылдары кемінде алты ай тылда жұмыс істеген және бұрынғы КСР Одағының ерен еңбегі үшін ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 6 000 (алты мың) теңге. » .

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>С. Есілов</i>
	<i>А с т а н а қ а л а с ы</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>М. Шекенов</i>